

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 166 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында :

II "Қаржы секторын тұрақтандыру" деген бөлімде:

"Жүйе құраушы екінші деңгейдегі банктерді жай және ерекше артықшылығы бар акцияларды сатып алу, сондай-ақ реттелген қарыздар беру арқылы қосымша капиталдандыру" деген 2-кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2.6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2.6	ЕБД-ге қаржыландыруды беру шарттары (оның ішіне 2008 жылы бюджет қаражатынан капиталдандыруға алынған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан бөлінген "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның ақшалай қаражатын депозитке орналастыру жолымен), акцияларды қайта сатып алу, акционерлер арасындағы өзара қарым-қатынастардың және корпоративтік басқаруды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары туралы уағдаластықтарға қол жеткізу (іске асыру туралы келісімдерге, опциялық келісімдерге, акционерлер арасындағы келісімдерге және өзге де келісімдерге қол қою)	Э Б Ж М, Қаржымині, "Самұрық Қазына" ҰӘҚ" АҚ, ЕДБ	" Үкімет қаулысы	2009 жылғы ақпан
-----	--	--	---------------------	---------------------

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

